

Қазақстан Республикасында ғылымды және ғылыми-техникалық бағдарламаларды жоспарлау мен қаржыландыруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 қаңтар 1993 ж. N 61. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.15. N 1034 қаулысымен.

Республикада ғылыми зерттеулерді жоспарлауды жетілдіру және ғылым мен ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландыру үшін бөлінетін бюджеттік қаражаттарды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігінің ғылым мен ғылыми-техникалық прогрестің, мемлекеттік мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың, ғылыми-техникалық іздестіру бағдарламаларының, техникалық жобалар мен талдамалардың басым бағыттары бойынша іргелі зерттеулер бағдарламаларын жасау туралы ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Мыналар бас ұйымдар болып бекітілсін:

мемлекеттік мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша - Ғылым және жаңа технология министрлігінің айқындауы бойынша Ұлттық ғылыми орталықтар немесе тиісті ұйымдар;

ғылыми-техникалық іздестіру бағдарламалары мен жобалары бойынша - Ғылым және жаңа технология министрлігінің айқындауы бойынша ғылыми мекемелер немесе ұжымдар, конструкторлық, технологиялық және өндірістік ұ й ы м д а р ;

салалық ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша - Ғылым және жаңа технология министрлігімен бірлесе отырып, тиісті министрліктер мен ведомстволардың айқындауы бойынша академиялық немесе салалық бағыныстағы мамандандырылған ғылыми мекемелер мен ұйымдар.

ЕСКЕРТУ. 2-тармағындағы 2-абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.07.24. N 924 қаулысымен.

3. Ғылым және жаңа технология министрлігі Қазақстан Республикасының Ғылым академиясымен бірлесіп, бір айлық мерзім ішінде аталған бағдарламаларға республиканың ғылыми ұжымдары мен ұйымдарының ведомстволық бағыныстылығына қарамастан кеңінен қатысуын қамтамасыз етуді ескере отырып, аталған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды

калыптастыру мен жүзеге асыру тәртібі туралы ереже әзірлеп, бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ғылымды қаржыландыруды Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі арқылы республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаржы шегінде бөлінген қаржыны бекітілген ғылыми-техникалық бағдарламалар шеңберінде тиісті бас ұйымдарға проблемалар бойынша бөле отырып жүзеге асыру міндеттелсін.

5. "Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды республикалық бюджеттен қаржыландыру тәртібі туралы" Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

6. Ғылым және жаңа технология министрлігі аталған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар бекітілгенге дейін республиканың ғылыми мекемелерін ғылымды қаржыландырудың 1992 жылдың IV-тоқсанындағы орташа деңгейі мөлшерінде тиісті министрліктер мен ведомстволар арқылы қаржыландырсын.

7. Республиканың өндірістік әлеуетін дамытуда принципті маңызы бар іргелі және іздестіру зерттеулерін мақсатты қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі жанынан Ғылым қоры құрылсын. Қордың қаражаты мемлекеттік бюджеттен ғылымға 3 процент мөлшерінде бөлінген қаржы есебінен, сондай-ақ кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың тапқан пайдасынан ерікті түрде аударған қаражаттардан, министрліктердің, ведомстволардың мақсатты жәрдем ақшаларынан және басқа көздерден құралсын.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі бір айлық мерзім ішінде Ғылым қоры Кеңесінің құрамын қалыптастырып, бекітсін және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне "Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі жанындағы Ғылым қоры туралы" Ереженің жобасын бекітуге енгізсін.

8. Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің "Республикалық ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастырудың 1991-1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған негізгі бағыттары туралы" 1990 жылғы 22 қарашадағы N 457 Қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 22 қаңтардағы
N 61 қаулысымен
бекітілген

**Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық
жұмыстарды және ғылыми-техникалық
бағдарламалар мен жобаларды республикалық
бюджеттен қаржыландырудың тәртібі туралы**

Ереже

Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасының ғылымы және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы" Заңға, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі туралы" 1992 жылғы 12 наурыздағы N 221 қаулысына сәйкес жасалды және ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінен қаржыландыру тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Ғылым мен техникалық қаржыландырудың негізгі көздері Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті, бюджеттен тыс мамандандырылған қорлардың қаражаты, министрліктердің, ведомстволардың және басқа мемлекеттік басқару органдарының жәрдем ақшасы, ғылыми-және ғылыми-техникалық бағдарламалардың жүзеге асуына мүдделі мемлекеттік және коммерциялық ұйымдар мен кәсіпорындардың қаражаты, банк несиесі болып т а б ы л а д ы .

3. Ереже ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды мынадай негізгі бағыттар бойынша мақсатты бюджеттік қаржыландыруды көздейді: іргелі зерттеулер бағдарламалары мемлекеттік мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар, іздестіру ғылыми-техникалық бағдарламалары, техникалық жобалар мен талдамалар.

4. Медицина саласындағы ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар аталған халық шаруашылығы салаларына мемлекеттік тапсырыс беруші болып табылатын республиканың Денсаулық сақтау министрлігі арқылы қаржыландырылады; республиканың Ғылым және жаңа технология министрлігі қаржыны аталған министрлікке тікелей бөледі.

Агроөнеркәсіптік кешен жөніндегі ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар мемлекеттік тапсырыс беруші болып табылатын республиканың тиісті министрліктерімен және ведомстволарымен келісіледі.

5. Халық шаруашылығының басқа салаларының ғылыми-зерттеу және жобалау, тәжірибе-конструкторлық, технологиялық ұйымдары мен мекемелерін осы салалардың негізгі қызметін дамыту үшін бюджетте көзделген қаражат шеңберінде тиісті салалық министрліктер мен ведомстволар қаржыландырады.

6. Жоғары оқу орындары жүргізетін ғылыми-зерттеу және

тәжірибе-конструкторлық жұмыстар осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген негізгі бағыттар жөніндегі бағдарламалар шеңберінде бас ұйымдармен келісім бойынша бюджеттік қаржы есебінен қаржыландырылады.

7. Жұмыстардың негізгі бағыттарына жауап беретін бас ұйымдар өз жұмысын "Ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар туралы" Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Ғылым және жаңа технология министрлігі бас ұйымдардың қызметін үйлестіреді және бөлінген бюджет қаражатының тиімді жұмсалыуына жалпы бақылау жасап отырады.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру тәртібі

8. Бас ұйымдар үстіміздегі жылдың үшінші тоқсаны ішінде Ғылым және жаңа технология министрлігіне алдағы қаржылық жылда жасалатын бағдарламалар шеңберінде ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге арналған республикалық бюджеттен бөлінетін шығындардың көлемі бойынша негіздемелер ұсынады.

Медицина мен ауыл шаруашылығы салаларында мұндай негіздемелерді Денсаулық сақтау министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі енгізеді.

9. Ғылым және жаңа технология министрлігі жүргізілген сараптар негізінде ұсынылған қорытындыларға баға бере келіп, алдағы шаруашылық жылда ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды республикалық бюджеттен қаржыландырудың жоспар-болжам жобасын жасайды.

10. Қорытылған материалдар республиканы әлеуметтік-экономикалық дамытудың жалпы жоспар-болжамын жасау үшін белгіленген мерзімде Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігіне тапсырылады. Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігінің қорытындыларын ескере келіп, Ғылым және жаңа технология министрлігі ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды қаржыландырудың жоспар-болжамын түзетіп отырады.

11. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Республикасының бюджеті туралы заңды бекіткеннен кейін Ғылым және жаңа технология министрлігі ғылымға нақты бөлінген бюджеттік қаржыны есепке ала отырып, бас ұйымдарды негізгі бағыттар бойынша қаржыландыру көлемін түпкілікті түзетеді. Негізгі бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу және

тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды бас ұйымдар арқылы және " Ғылыми-техникалық бағдарламалар туралы" Ережеге сәйкес Ғылым және жаңа технология министрлігі қаржыландырып отырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК